

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі арасындағы Шегіртке текстестерге және басқа да ауыл шаруашылығы зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес бойынша қорғау іс-шараларын жүргізу жөніндегі өзара ынтымақтастық туралы келісімнің жобасын мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1447

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі арасындағы Шегіртке текстестерге және басқа да ауыл шаруашылығы зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес бойынша қорғау іс-шараларын жүргізу жөніндегі өзара ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі  
мен Қытай Халық Республикасының Ауыл шаруашылығы  
министрлігі арасындағы Шегіртке текстестерге және басқа  
да ауыл шаруашылығы зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес  
бойынша қорғау іс-шараларын жүргізу жөніндегі өзара  
ынтымақтастық туралы

## КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қытай Халық Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, тату көршілік және өзара тиімді ынтымақтастық рухында іс-қимыл жасап, өсімдіктерді қорғау саласында ынтымақтастық орнату ниетін басшылыққа алып,

шегіртке текстестердің, басқа да зиянкестер мен өсімдік ауруларының ауыл шаруашылығы дақылдары мен мал жайылымдарына ерекше қауіптілігін ескере отырып, сондай-ақ Қазақстан мен Қытайдағы егіндердің ысырабына жол бермеу мақсатында,

өсімдіктерді қорғау саласында ынтымақтастықты дамытуға ниет білдіріп, төмендегілер туралы келісті:

Тараптар егіннің ысырабына жол бермеу мақсатында шегіртке тектестерге және басқа да ауыл шаруашылығы зиянкестеріне және ауруларына қарсы курес бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөнінде бірлескен жұмыс тобын құрады.

## **2-бап**

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларымен қорғалатын мемлекеттік немесе өзге де құпия болып табылатын ақпаратты қоспағанда, ғылыми зерттеулер, өсімдіктерді қорғау құралдарын мемлекеттік тіркеу және Тараптар мемлекеттерінің шекаралас аумақтарының фитосанитариялық жэй-күйі саласында үнемі ақпарат алмасуды жүргізетін болады.

## **3-бап**

Тараптардың өсімдіктерді қорғау жөніндегі тиісті мемлекеттік органдары және олардың мамандары шекаралас аудандарда мынадай жұмыстарды:

- шегіртке тектестердің және басқа да зиянкестердің, сондай-ақ өсімдіктер ауруларының тіршілік ету орындарын мұқият тексеруді;
- жұмыстарды жүргізуудің мерзімін, әдістері мен технологияларын, сондай-ақ пайдаланылатын пестицидтердің түр-түрін анықтауды және келісіп алууды жүргізетін болады.

## **4-бап**

Зиянкестердің жаппай көбею ошақтарында белсенделілігі артқан жағдайда, Тараптар бір-бірін дереу хабардар етеді және өз мемлекеттеріне экономикалық залал әкелуіне жол бермеу мақсатында өз аумақтарында оларды жою жөніндегі іс-қимылды бірлесіп үйлестіруге кіріседі.

## **5-бап**

Тараптар пестицидтерді уақытысында сатып алу және зиянкестердің жаппай көбею ошақтарын жою жөніндегі жұмыстарды әрқайсысы өз аумағында орындау үшін шаралар қолданатын болады, ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестері мен ауруларын жою жөнінде тәжірибе алмасады.

## **6-бап**

Қажет болған жағдайда, шегіртке тектестерге және басқа да ауыл шаруашылығы зиянкестеріне және ауруларына қарсы куреске қатысты жұмыстарды жедел жүргізу мақсатында Тараптар бірі-біріне өзара жәрдем және техникалық қолдау көрсетеді,

сондай-ақ Тараптардың ұлттың заңнамаларын сақтай отырып, өз күзыреті шегінде ауыл шаруашылығы авиациясының ұшуына қатысты мәселелерді шешуге жағдай жасайды.

## **7-бап**

Тараптар өсімдіктерді қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми орталықтары, жоғарғы оқу орындары арасында ынтымақтастықты жүзеге асыруда жәрдемдесуді қажет деп есептейді.

## **8-бап**

Тараптар, қажет болған жағдайда, шегіртке тектестердің және басқа да ауыл шаруашылығы зиянкестері мен ауруларының ошақтарын жою үшін шекаралас аудандарда отрядтар ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

## **9-бап**

Екі Тараптың өсімдіктерді қорғау жөніндегі басқару органдары шекаралас аудандарда шегіртке тектестерге, басқа да зиянкестер мен өсімдіктер ауруларына қарсы күрес бойынша іс-қимылды үйлестіру үшін өсімдіктерді қорғау жөніндегі мамандармен алмасуды жүзеге асыратын болады.

## **10-бап**

Тараптар қажет болған жағдайда өзара уағдаластық бойынша өсімдіктерді қорғау саласында ғылыми және практикалық мүддені білдіретін мәселелер бойынша бірлескен кездесулер мен семинарлар өткізу, тағылымдамадан өту үшін делегациялар алмасуды жүзеге асыруы мүмкін .

## **11-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

## **12-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер арқылы шешетін болады

## 13-бап

Осы Келісім, оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және, егер Тараптардың бірде-бірі Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жібермесе, бесжылдық кезеңге өздігінен ұзартылатын болады. Бұл ретте Келісімнің қолданылуы осындай хабарлама жіберген сәттен бастап алты ай өткеннен соң тоқтатылады.

Осы Келісім 2003 жылғы " \_\_\_\_\_" қаласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігі үшін

Қытай Халық Республикасының  
Ауыл шаруашылығы

министрлігі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК